

2011 жылғы 1 мамырдағы сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

Сақтандыру сыйлықақылары

2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың ұқсас мерзімінде жиналған көлемінен 11,7%-ға көп болып, 58 753,5¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.05.2010.		1.05.2011.		1.05.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	52 576,6	100,0	58 753,5	100,0	11,7
Міндетті сақтандыру	10 453,9	19,9	12 508,3	21,3	19,7
Ерікті жеке сақтандыру	11 394,9	21,7	16 936,3	28,8	48,6
Ерікті мүлдіктік сақтандыру	30 727,9	58,4	29 309,0	49,9	-4,6

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 19,7%-ға асты, ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю 48,6%, ерікті мүлдіктік сақтандыру бойынша азаю 4,6% болды.



мүлдіктік сақтандыру бойынша азаю 4,6% болды.

2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады.

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 64,1% (8 012,7 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 29,1% (3 634,2 млн. теңге) қызметкерді еңбек

(қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, 3,1% (388,7 млн. теңге) Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 3,7% түскен.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 17,3% (2 930,1 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 42,2% (7 154,9 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 4,0% (680,5 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 36,4% (6 170,8 млн. теңге) болып келеді.

ерікті мүлдіктік сақтандыруда – 4,0% (1 166,1 млн. теңге) – автомобиль көлігін сақтандыру бойынша, 67,7% (19 847,1 млн. теңге) – мүлдікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда), 11,4% (3 351,1 млн. теңге) – азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) және басқалар бойынша – 16,9% болды.

¹ Сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегергенде көрсетіліп отыр

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:


млн. теңге

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.05.2010.		1.05.2011.		1.05.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	52 576,6	100,0	58 753,5	100,0	11,7
Өмірді сақтандыру	4 815,4	9,2	6 851,3	11,7	42,3
Жалпы сақтандыру	47 761,2	90,8	51 902,2	88,3	8,7


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 6 851,3 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 42,3%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2010 жылғы 1 мамырдағы 9,2%-ға қарсы 11,7% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2011 жылдың 4 айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 51 902,2 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 8,7%-ға көп.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %-бен



"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, %-бен



Қайта сақтандыру


Қайта сақтандыруға берiлген сақтандыру сыйлықақыларының көлемi 27 411,7 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемiнiң 46,7%-ы болды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резидентi еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемiнiң 34,0%-ы берiлдi.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 11 307,1 млн.теңге боды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резидентi еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 3 671,0 млн.теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берiлген сақтандыру сыйлықақылары	1.05.2010.		1.05.2011.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесi, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесi, %-бен
Қайта сақтандыруға берiлген барлығы, оның iшiнде	29 269,8	55,7	27 411,7	46,7
резидент еместерге	26 851,8	51,1	19 981,7	34,0

	резиденттерге	2 418,0	4,6	7 430,0	12,6
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған		4 057,2	7,7	11 307,1	7,7



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 81,8%, міндетті сақтандыру бойынша – 17,3%, жеке ерікті сақтандыру бойынша – 0,9% болды.

Сақтандыру төлемдері



2011 жылдың төрт айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 39,8%-ға ұлғайып, 11 021,4² млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 11,2% (1 228,9 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	1.05.2010.		1.05.2011.		1.05.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі %-бен	Сомасы	Үлесі %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	7 882,6	100,0	11 021,4	100,0	39,8
Міндетті сақтандыру	2 950,9	37,5	3 892,6	35,3	31,9
Ерікті жеке сақтандыру	3 596,7	45,6	5 419,9	49,2	50,7
Ерікті мүліктік сақтандыру	1 335,0	16,9	1 708,8	15,5	28,0

2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 53,1% (2 065,7 млн.теңге), қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша төлемдер – 44,3% (1 724,6 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша – 1,8% (69,9 млн. теңге) және басқалар бойынша – 0,8% болды;

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 43,6% (2 362,0 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 2,2%

(120,4 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 52,5% (2 848,1 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 1,6% (89,4 млн. теңге) болды;

ерікті мүліктік сақтандыруда – 6,4% (109,4 млн. теңге) жүкті сақтандыру бойынша, мүлікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 47,4% (809,3 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 23,8% (406,7 млн. теңге), 7,6% (129,8 млн. теңге) – азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша және басқалар – 14,8% болды.

2011 жылғы төрт айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасында сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлеміне төлемдердің жиынтық сомасының 25,8%-ы болатын аннуитеттік сақтандыру ие болды.

Сақтандыру нарығы бойынша жалпы мәліметтер

2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 38 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 – өмірді сақтандыру бойынша), 14 сақтандыру брокері және 79 актуарий лицензияланған қызметін жүзеге асыруда.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	1.05.2010.	1.05.2011.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	41	38
өмірді сақтандыру бойынша	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	13	14
Актуарийлер саны	63	79

Есепті күнге қарай 27 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 216 355,5 млн. теңге болды.

Қаржы көрсеткіштері	1.05.2010.	1.05.2011.	млн. теңге
			1.05.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
Жиынтық активтер	326 937,6	362 372,2	10,8
Міндеттемелер	138 767,3	146 016,7	5,2
оның ішінде сақтандыру резервтері	118 937,1	125 993,3	5,9
басқа да міндеттемелер	19 830,2	20 023,4	1,0
Меншікті капитал (баланс бойынша)	188 170,2	216 355,5	15,0

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы 1 мамырда 362 372,2 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 мамырдағы осындай көрсеткіштен 10,8%-ға көп, оның ішінде:

Активтер	1.05.2010.		1.05.2011.		1.05.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Орналастырылған салымдар	16 664,2	5,1	21 916,6	6,0	31,5
Бағалы қағаздар	77 283,3	23,6	78 483,9	21,7	1,6
«Кері РЕПО» операциясы	129 063,0	39,5	174 912,2	48,3	35,5
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	7 926,3	2,4	5 683,8	1,6	-28,3
Негізгі қаражат	18 251,8	5,6	18 732,8	5,2	2,6
Қайта сақтандыру активтері	4 726,3	1,4	6 685,2	1,8	41,4
Басқа дебиторлық берешек	55 194,3	16,9	39 923,7	11,0	-27,7

Басқа активтер	12 170,2	3,7	9 165,7	2,5	-24,7
Орналастырылған салымдар	5 658,2	1,7	6 868,3	1,9	21,4
Активтер жиынтығы	326 937,6	100,0	362 372,2	100,0	10,8

Міндеттемелер. 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы 146 016,7 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 5,2%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 125 993,3 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 мамырда қалыптасқан резервтердің көлемінен 5,9%-ға көп.



Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары бойынша және сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің азайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 42,4%-ы және сақтандыру төлемдерінің 28,4%-ы келеді. Сақтандыру нарығының жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 53,3 %-ды құрайды.

Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен	1.05.2010.	1.05.2011.
Бес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру сыйлықақылары	58,2	42,4
Он ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру сыйлықақылары	71,7	59,3
Бес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдері	43,8	28,4
Он ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдері	65,9	40,9
Бес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері	54,0	53,3
Ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталы	61,1	61,5

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	1.05.2010.	1.05.2011.
ЖІӨ, млрд. теңге	17 534,3	23 780,9 ³
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,30	0,25 ⁴
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,07	0,91
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,86	1,52
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	3 324,4	3 629,1

³ - деректер Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми сайтынан алынды (Үкіметтің 2008 жылғы 26 тамыздағы отырысында (Үкіметтің 2008 жылғы 26 тамыздағы отырысының № 32 хаттамасы) мақұлданған Қазақстан Республикасының 2009–2013 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының және бюджеттік өлшемдерінің болжамына өзгерістерге сәйкес).

⁴ – 2011 жылғы қаңтар - сәуір айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

⁵ - Статистика агенттігінің 01.09.2010ж. деректері бойынша ҚР халқы – 16 189 667 адам.
